

Қазақстан Республикасы білім және ғылым министрлігі
Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ
Студенттердің ғылыми қоғамы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
ЕНУ им. Л.Н. Гумилева
Студенческое научное общество



«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2009»

**ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ VI ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ**

*ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ
29-30 сәуір 2009 жыл.*

**VI МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ**

«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ – 2009»

*ТРУДЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
29-30 апреля 2009 года.*

Конференция посвящается 15-летию инициативы
Президента Республики Казахстан
Н.А. Назарбаева
о создании Евразийского союза

**III бөлім
часть III**

АСТАНА – 2009

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н.ГУМИЛЕВ атындағы ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ им. Л.Н.ГУМИЛЕВА**

**ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫ
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2009»**

**МЕЖДУНАРОДНАЯ НАУЧНАЯ КОНФЕРЕНЦИЯ МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2009»**

**ЖАС ҒАЛЫМДАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІ
29-30 сәуір 2009 жыл.**

**ТРУДЫ МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ
29-30 апреля 2009 года.**

**III БӨЛІМ
ЧАСТЬ III**

Астана, 2009

УДК 001
ББК 72.3
F 96

Жалпы редакцияны басқарған з.ғ.д., профессор Б.Ж. Әбдірайымов
Под редакцией д.ю.н., профессора Б.Ж. Абдраимова

Редакция алқасы:

Редакционная коллегия:

Берсимбаев Р.И., Камзабекулы Д., Сабитов Е.Е., Нурмолдин Е.Е., Чунаева В.Д.,
Досанова А.Е.

«Ғылым және білім - 2009» халықаралық жас ғалымдар конференциясының
материалдар жинағы. - Астана, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2009. 2 бөлім.

Сборник материалов международной научной конференции молодых ученых
«Наука и образование - 2009».- Астана, Евразийский национальный
университет им. Л.Н. Гумилева, 2009. часть.

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, аспиранттардың және PhD
докторанттардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық
салаларындағы өзекті мәселелері бойынша еңбектері енгізілген.

В сборник вошли материалы студентов, магистрантов, аспирантов и
докторантов PhD по актуальным вопросам естественно-технических и
гуманитарных наук.

УДК 001
ББК 72.3

ISBN 9965-31-288-5

Жинақты баспаға шығару жұмысына қатысқандар:

В подготовке сборника к печати принимали участие:

Аджиханова А.(ФТФ), Аскарбекова А.(ФТФ), Байбосынова Л.(ИСФ),
Жаксыгулова А.(ФТФ), Махашева А.(ФМИТ), Мухышбаева А.(ФТФ),
Рахметова Г.(ФМИТ), Сырлыбаева Г.(ФТФ), Шалимова Н.(ФМО).

F 1401020000/00(05)-09

Тексты тезисов печатаются в авторской редакции
Тезис тексттері авторлық редакцияда баспаға шығарылады

© Евразийский национальный университет
им. **Л.Н.** Гумилева, 2009

Дорогие гости!
Уважаемые участники конференции!!

Я сердечно рад приветствовать всех участников международной научной конференции молодых ученых «Наука и образование-2009».

Проведение международной конференции молодых ученых, аспирантов, докторантов и студентов стало ежегодной традицией Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева.

И в этом году число участников конференции (более 500 человек) еще раз показывает уровень нашего университета, как ведущего образовательного и научного центра новой столицы Казахстана.

Данная конференция молодых ученых посвящена 15-летию инициативы Президента Республики Казахстан Н.А. Назарбаева о создании Евразийского союза. И Евразийский университет, основанный в 1996 году, является логическим продолжением идеи евразийской интеграции, суть которой заключена в самом названии университета. Символично, что университету по инициативе Президента Н.А. Назарбаева было дано имя выдающегося ученого - евразийца Льва Николаевича Гумилева. В лекции «К экономике знаний через инновации и образование», которую Президент прочитал перед многотысячной студенческой аудиторией в Евразийском национальном университете имени Л.Н. Гумилева 26 мая 2006 г., в год десятилетия университета, говорится: «Не случайно Ваш университет называется Евразийским. Евразийская Идея как теория была рождена в прошлом веке. Но, уверен, что Евразийская Идея, как практика организации новой жизни, будет воплощена в этом веке. Евразийство - одна из главных идей XXI-го века. И вы это скоро поймете и увидите. И духовной столицей, сердцем Евразии может стать Астана, а самым сокровенным центром этого сердца - наш Евразийский Университет в Астане». Этими словами, Президент Республики Казахстан, возложил на Евразийский университет историческую миссию, которая заключается в становлении и развитии университета как образовательного и исследовательского центра по подготовке высококвалифицированных кадров для государственной службы, образования и науки, которые внесут свой вклад в развитие и процветание Казахстана в новом веке. В этом и заключается основная стратегическая цель развития университета, лидирующие позиции которого ежегодно подтверждаются официальным рейтингом Министерства образования и науки Республики Казахстан.

Наше молодое и динамично развивающееся государство имеет все основания ожидать от нашей талантливой молодежи новых научных открытий во благо процветания нашей Родины, Республики Казахстан.

Желаю успехов и плодотворной работы конференции!

Б.Ж. Абдраимов
Ректор Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева,
доктор юридических наук, профессор

СЕКЦИЯ 4 ЭКОНОМИКА И МЕЖДУНАРОДНЫЕ ОТНОШЕНИЯ

УДК. 336.0 Б 651

ТЕНЕВАЯ ЭКОНОМИКА КАК ФАКТОР ЭКОНОМИЧЕСКОЙ УГРОЗЫ

А. А. Бисенгалиева студентка 4 к., КазГосЖенПУ, Алматы
Научный руководитель: А.И. Баданов к. э. н. доцент

Проблемы теневой экономики в современном мире не удалось избежать ни одной стране. Не является исключением и наша республика. В силу специфических черт масштабы теневой экономики достаточно сложно оценить - она не поддается статистическому анализу. В некоторых государствах потери от теневой экономики превышают 15 и более процентов от валового национального продукта. В соседней России они исчисляются 40-45% от ВВП. По экспертным оценкам в Республике теневая экономика составляет 45 -50% ВВП или 10 – 11 млрд. долл. США, что превышает бюджет страны в 2 - 2.5 раза. Объем отмытых средств в общепланетарном обороте колеблется в пределах двух-пяти процентов[1, с.5].

Так что же означает термин «теневая экономика»? Данный термин необходимо рассматривать в двух значениях:

- 1) не контролируемое государством производство, распределение, обмен и потребление товарно-материальных ценностей и услуг;
- 2) скрываемые от органов государственного управления незаконные социально-экономические отношения между отдельными гражданами, социальными группами по использованию государственной, частной, акционерной и других видов собственности в корыстных личных и групповых интересах.

В данной схеме указана структура теневой экономики. На наш взгляд, предлагаемые в схеме виды теневой экономики является в настоящее время главными проблемами государства, связанными как с пополнением государственной казны (сокрытие доходов от налогообложения, финансовые нарушения, искажение экономической информации, хищения, приписки, коррупция и т.д.).

По мнению председателя ежегодного форума предпринимателей Казахстана господина Баталова Р. из его интервью в газете «Начнем с понедельника» -около 60% казахстанских предпринимателей работают в тени, и есть множества причин которые заставляют их утаивать свои доходы от государства [2, с. 18].

Основные причины и источники развития теневого сектора в Казахстане является:

- общая социально - экономическая ситуация в стране, характеризующаяся высоким уровнем безработицы, преступности, низким уровнем качества жизни населения;
- неадекватность нормативно - законодательной базы развития предпринимательства, а также несовершенство налогового законодательства.[3, с.36-38]

Во всем мире малый бизнес формирует 50% общего ВВП, а в Казахстане этот показатель доходит до 30%, по мнению предпринимателей участвующих в ежегодном форуме предпринимателей пока не будут внесены поправки в действующее законодательство работать легально им просто не выгодно, с другой стороны налоговая отчетность и налоговые проверки.

- низкая эффективность деятельности контрольно- ревизорных и правоохранительных органов;
- незаконные расходы, ради извлечения которых организуется теневая экономическая деятельность, разделяют на 2 вида:
 - ❖ к первому из них относятся доходы общеуголовного происхождения, а именно те, которые связаны с коррупцией, торговлей наркотиками, воровством, мошенничеством,

рэкетом, контрабандой и т.п. в мире они признаются социально- опасными и преследуются государственными и международными организациями.

❖ Ко второму виду теневых доходов относятся доходы от хозяйственной деятельности, не регламентированной властями, прямо не связанные с нарушением законов.[4, с.83-87].

Так к каким же последствиям ведет «теневая экономика»? Во-первых, она приводит к уменьшению налоговых поступлений и ослаблению бюджета. Во - вторых, нарушаются конкурентные механизмы рынка, поскольку часто в выигрыше оказывается не тот, кто конкурентоспособен, а тот, кто смог получить преимущества за взятки или другие формы теневой экономики. Это влечет за собой снижение эффективности рынка и дискредитацию идей рыночной конкуренции, отбивает у предпринимателей стимул к честному ведению бизнеса. В-третьих, замедляется появление эффективных частных собственников, особенно в сфере малого и среднего бизнеса, что негативно сказывается как на занятости населения, так и на эффективности всей экономики в целом. В-четвертых, неэффективно используются бюджетные средства, в частности при распределении государственных заказов и кредитов, чем наносится большой ущерб бюджету страны. По международным оценкам, потери от теневой экономики часто превышают 30% от всех бюджетных затрат по этим статьям. В - пятых, повышаются цены за счет теневых «накладных расходов». В итоге страдает потребитель. В-шестых, теряется доверие агентов рынка к способности власти устанавливать и соблюдать честные правила рыночной экономики. В результате ухудшается инвестиционный климат. В-седьмых, происходит «накачка» экономики коррупционными деньгами, что способствует росту инфляции /5, с.213/.

Таким образом, борьба с теневой экономики ведется, поскольку это вопрос не столько престижа, сколько выживания Казахстана как государства. И успех этой борьбы во многом зависит от консолидации усилий и власти, и общества. В послании Президента народу 2008 года тоже говорится: «Правительству следует разработать новый налоговый кодекс. Он должен способствовать модернизации экономики, выводу бизнеса из тени». Создана и действует программа «Основные направления экономической политики и организационных мер по сокращению размеров теневой экономики в РК на 2005-2010 гг.» которая утверждена Постановлением Правительства РК от 30 сентября 2005г №969. Принятие Парламентом РК Закона «О противодействии легализации (отмыванию) доходов, полученных незаконным путем, и финансированию терроризма» считается очень важным для вывода экономики из тени. Также существует общекзахстанский антикоррупционный форум созданный по инициативе партии «Нур Отан» тоже вносить свою лепту по борьбе с теневой экономики. Также ежегодный форум предпринимателей в рамках конференции представил на рассмотрение программу действий форума. Программа состоит из 4 основных блоков: налоговая политика и налоговое администрирование, разрешительные процедуры и инфраструктура поддержки бизнеса.

С 2008 года в Алматы и Астане начала свою работу Антикоррупционный Правовой Центр Транспаренси Казахстан. Целью создания Центра является содействие гражданам в подаче жалоб по фактам коррупции и злоупотребления властью. Проект реализуется ОФ «Транспаренси Казахстан» и Транспаренси Интернэшнл - Секретариат (Берлин) при поддержке Европейского Сообщества в рамках Партнерской Программы Институционального Развития (Institution Building Partnership Programme (IBPP)). В рамках работы Антикоррупционного Правового Центра будет работать бесплатная горячая телефонная линия для лиц, которые столкнулись с фактами коррупции или злоупотреблением властью.

Литература

1. Сартаев А. Как поймать тень // Казахстанская правда от 11 октября 2006 года, с. 5
2. Жданова Н. Кто у нас в тени? // Начнем с понедельника от 14 февраля 2008г, с18
3. Бурлибаева А. Теневая экономика: причины, факторы и приоритеты в ограничении // Саясат 2006, №5, с.36-38

4. Вечнанов Г.С. Экономическая безопасность. Учеб. пос. - Санкт-Петербург, 2005, с.:
5. Сейлеханов Е. Коррупция как проблема национальной безопасности. //Аналитик - №4, с. 83-87

УДК 338.242.1(574)

«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ: МӘНІ ЖӘНЕ НАҚТЫ БАҒЫТТАРЫ»

Исаев Б.Б.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ - нің магистранты, Астана
Ғылыми жетекші - Мәйдірова Д.М.

XXI ғасыр қарсаңында әлем елдерінің арасында жаһандану, аймақтану жағдайында әртүрлі бағыттарда, трансформациялық үрдістер белең ала бастады. Бұған негіз болып отырған, нарықтық жүйедегі жеке меншік секторларының, трансұлттық компаниялардың, қаржылық т.б. ұйымдардың тез қарқында дамуы. Осындай жаһандық үрдістерде әрбір ел халықаралық деңгейде өз мүдделерін, құндылықтарын қорғап, нарықта бәсекеге қабілеттілігін арттыру болды. Кез - кеген мемлекеттік ішкі және сыртқы сұраныстарын реттеуші, нұсқаушы, шешімдер мен әлеуметтік - экономикалық даму бағыттарын жасаушы өзіндік басқару жүйесі болары анық.

Мемлекеттің әлеуметтік саясаты - бұл қоғамның әлеуметтік - экономикалық өмір сүру жағдайды реттеудің бір бағыты. Ол ең алдымен елдегі экономикалық жағдаймен тығыз байланысты және екіжақты қызмет атқарады. Бір жағынан, әлеуметтік саясатта тікелей және жанама түрдегі экономикалық мақсаттары көрініс алады, өйткені экономикалық іс - әрекет қоғамдық топтардың жағдайын жақсарту мақсатында жасалады. Екінші жағынан, әлеуметтік саясат экономикалық өсудің факторы болып табылады. Егер экономикалық даму халықтың әлеуметтік жай - күйін оңтайландырмаса, онда еңбек өнімділігі төмендеп, жұмыс күшінің сапасы кемиді және қоғамда әлеуметтік тұрақсыздық пен қарама-қайшылықтар туындайды.

Әлеуметтік - экономикалық мәселелер әлемдік тәжірибелерден өтіп, көптеген еңбектерде жарық көрген. Ресей ғалымы В.Ф.Красильщиков: «Модернизацияның да постиндустрияның да маңызды әлеуметтік - экономикалық саясатының, білім мен мәдениет жүйесінің, үлкен өнеркәсіп машинасының елдің модернизациялауын шын мәнінде қолдайтын халықтың бөлігіне бағытталуы; ғылыми - техникалық интеллегенция, жаңа жұмысшы тобы, дәрігерлер мен мұғалімдерді қоса алғанда өндірістік кәсіпкерлер,...дәл осындай бұқараға сүйену, жана индустриалды елдердегі авторитарлық режиммен жүргізілген тиімді әлеуметтік - экономикалық басқаруларды іске асыру «құпиясы» болған: Оңтүстік Корея, Тайланд, Сингапур, Чили, Бразилия, Мексика елдерін атап өтуімізге болады.»[1] Экономикалық және саяси модернизацияның байланысы айқындаған Чех экономикасының авторы Вацлов Клаустың пікірі бойынша:

1. Институционалды қайта құрулар либерализация процесінің шеңберінен ықпалда мемлекеттік реттеу мен жекешелендіру макроэкономикалық саясатпен байланысты болуы қажет;

2. Әлеуметтік - экономикалық салаларды қайта құру тұжырымдамасы қиындықтар туғызбайды, бірақ оны саяси әдіспен жүзеге асыру қиынға соғады.

Модернизация процесінің жалпы заңдылықтары саяси дамуда болатын бес тығырықты шектеуге арналған теңестірушілік, лигетимділік, араласушылық, қатысушылық, үлестірушілік болып табылады. [2]

Көптеген елдердегі әлеуметтік - экономикалық реформалар қоғамның жіктелуіне, әлеуметтік шектеуге соқтырады. Халықтың бір тобының өмір сүру тұрмыс - тіршілігі көтерілсе, басқаларының өмір сүру деңгейі төмендері заңдылық болып табылады.

Әлеуметтік - экономикалық саясаттың жаңа мәселелері пайда болып, бастапқы мәселелердің өзектілігі арта түсті: ол жапай жұмыссыздықтың белең алуы, қалыптасқан нарықтық жағдайда тұрғындарды қорғаудың жаңа жолын іздестіруді талап етілуі, денсаулық сақтау, мәдениет, білім беру, тұрғын үй салаларына назар аударылуы және т.б. Әлеуметтік - экономикалық салаларға мән берілмеуі, халықтың наразышығын туғызып, реформа мен демократиялық дамудың тағдырына қауіп төндіреді.

Қазіргі уақытта Қазақстанда экономика саласында жүргізіліп жатқан қатан монетарлық саясат шұғыл әлеуметтік шектеулерге ұласуда. Дәйектей келгенде, реформаларының идеологиялық - мемлекеттік қатысуы шаруашылық саласында ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік мәселелерді шешуде де қысқартылу болып табылады. Әлемдік тәжірибе тұрғысынан қарастырғанда мемлекеттің экономикалық қызметтерін еркін түрде жүргізсе де, әлеуметтік салаларда белгілі бір деңгейде шектеулер болуы қажет: мемлекеттің әлеуметтік - экономикалық саладан ауытқуы шұғыл түрде емес, біртіндеп және аяқталмаған сипатта болуы тиіс. Мұндай алшақтауды болдырмау мақсатында және әлеуметтік саладағы реформаның теріс салдарын азайту мақсатында дағдарыс жағдайындағы мемлекетке осы салаларды реттеу механизмін қалыптастыру қажет. Бұл қоғамдық өмірдің тығырыққа тірелуін тежеп, әлеуметтік - экономикалық күзелісінің тез өсуі үшін потенциалды деңгейін сақтайды.[3]

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы кезекті биік белесті бағындыру қарсаңында тұр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев тәуелсіздіктің 17 жыл ішінде елді зор жетістіктерге жеткізіп, ұлттық экономикамызды эртараптандыру арқылы ғылыми - инновациялық даму жолына түсіруді қолға алды, әлеуметтік саланы жаңғыртып жетілдіру және бүгінгі күннің талабына сәйкестендіру жөнінде біраз іс - шараларды жүзеге асырды. Сонымен қатар, билік пен қоғам арасындағы қарам - қатынастарды ретке келтіріп отырған қазіргі саяси жүйені модернизациялауға бағытталған белсенді әрі батыл қадамдары қарапайым жұрт арасында кеңінен қолдау тапты. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жаңа әрі тиімді тетіктері құрылуда. Және де, әлеуметтік - экономикалық дамудағы біздің жетістіктерді әлем мойындап отыр.

Жалпы алғанда, аталмыш кең ауқымды қамтитын іс - шаралар жүйелі түрде Президенттің Қазақстан халқына Жолдауы негізінде әзірленіп, түгелдей еліміздің бәсекелестікке қабілеттілігін арттыруға бағытталған. Ел дамуының әлеуметтік - экономикалық бағытын анықындайтын және оған үдемелі қарқын берер «Ғаламдағы бәсекеге барынша қабілетті елдердің қатарына енудің стратегиясы» нағыз ұлттық идеяға айналуына лайықты. Оған бірнеше себептер бар.

Біріншіден, Стратегия күллі Қазақстан халқының барлық сұраныстарын қанағаттандырады, яғни әлеуметтік - экономикалық бағыттарды қолдап, қайсыбір әлеуметтік топтардың мүдделеріне қайшы келмейді. Стратегия көздейтін міндеттер мен мақсаттар қоғамның барша мүшелеріне ортақ құндылықтарды жатқызамаз. Соған сәйкес әрбір азаматтың өсіп - өнуі өз кезегінде жаһандық деңгейдегі бәсекелестікте қабілеттігі жатады.

Екіншіден, Стратегия жүеленген өрлеу жолын орнықтырады. Еліміздің перспективи дпму бағыттары мен бағдарламаларын жағ - жақты қолдауды күшейтеді. Мәселен, ұлттық және өңір экономикасына сәйкес кластерлерді қалыптастыру қажеттілігін білдіреді.

Үшіншіден, Стратегияны талдағанда, оның құрамында ұлттық идеяның нышандары бар екендігіне көз жеткізуге болады. Мысалы, халықты жұмылдыру арқылы әлеуметтік - экономикалық даму мен тұрақтылыққа жол ашады.[4]

XX ғасырдың 90 жылдарының басында Қазақстанның алдында тұрған маңызды міндеттердің бірі - бұл нарықтық экономикаға сай әлеуметтік бағдарламаларды негіздеу еді. Нарықтық экономика - бұл жеке тұлғалардың, кәсіпкерлердің сатып алу мен сату арасындағы еркіндігі. Яғни нарықтық экономикалық жүйе жеке және заңды тұлғалардың бәсекелес алаңына десек болады. Әлемдік тәжірибелерге мән берер болсақ, капиталистік қоғамда ашық нарықты қалыптастыру және оның тиімді механизмін жасау, халықтың әлеуметтік - экономикалық даму деңгейіне басты әсер етуші фактор болып табылады. Қазақстан тәуелсіз даму

тарихында мемлекеттік әлеуметтік - экономикалық бағдарламалардың іске асыруда біршама қиындықтар мен қайшылықтарды басынан кешіруде. Бұған негіз, бұрышға әкімшіл - әміршілдік жүйеден нарықтық жүйеге, коммунизмнен демократияға өтудегі өтпелі кезеңнің жан-жақты салдарлары. 2007-2009 жылдары әлеуметтік-экономикалық саясаттың негізгі бағыттары Қазақстан Республикасының Президентінің Қазақстан халқына «Қазақстан өз дамуындағы жана серпіліс жасау қарсаңында» Жолдауында көрсетілген мақсаттар мен міндеттерге 2006-2008 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Үкіметінің Бағдарламасына сәйкес болады. 2007 - 2009 жылдардағы әлеуметтік-экономикалық саясаттың басты мақсаты жақын арадағы он жылда Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барышша қабілетті 50 елдің қатарына кіруі және Қазақстан азаматтарының тұрмыс деңгейін арттыру .

Алға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін

мынадай міндеттер шешілетін болады:

- 1) түпкі өнімдерді экспорттауға бағдарланған өндірістер, мұнай-газ, көлік және машина жасаудың басқа да кіші салалары, металлургия, химия, агроөнеркәсіптік кешен саласында бірлескен кәсіпорындар құру және дамыту;
- 2) нақты айырбас бағамының қажетті икемділігін қолдау;
- 3) қаржы нарығының тұрақтылығын қамтамасыз ету;
- 4) экономиканы әртараптандыруды ынталандыратын икемді салық және бюджет саясатын жүргізу, жаңа салаларды дамыту және оларға шетел капиталын және ноу-хау тарту;
- 5) мемлекеттің активтерін басқарудың ашық және айқын жүйесін құру;
- 6) Ұлттық Қордың қаражатын ашық және тиімді қалыптастыру мен пайдалануды қамтамасыз ету;
- 7) металлургиядағы, банк саласындағы, сақтандырудағы, химия өнеркәсібіндегі бәсекелестікті монополияға қарсы заңнаманы реформалап және осы секторларға отандық және шетелдік инвестициялардың кіруі үшін тартымды және ашық жағдай жасап арттыру;
- 8) қорғалған зияткерлік меншік құқықтары мен сауда маркасы бар тауарлар өндіру үшін қолайлы жағдай жасау;
- 9) әлеуметтік саланы одан әрі жаңарту;
- 10) Қазақстанның әлемдік экономикаға ықпалдасуына ықпал ететін көп жақты халықаралық экономикалық жобаларға қатысу;
- 11) ЕурАзӘҚ шеңберінде өзара тиімді ыштымақтастықты кеңейтуге және Біртұтас экономикалық кеңістік қалыптастыруға одан әрі жәрдемдесу;
- 12) табиғи ресурстарды ашық пайдалану саясатын жүргізу және энергетикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
- 13) экономиканы теңгерімді дамыту қажеттіліктеріне жауап беретін аумақтық даму.

Қазіргі таңдағы Қазақстан Республикасының әлеуметтік - экономикалық және саяси даму тарих ғылымында әлі де болса жетік ашылмаған көптеген мәселелерді көрсетіп отыр Экономика және әлеуметтану ғылым салаларында аз зерттелген, сонымен қатар толық жетілменген әлеуметтік - экономикалық бағдарламаларды жатқызамыз. Тәуелсіз еліміздің шла және сырқы сұраныстарына толыққанды сәйкестенетін, халықтың тұрмыс - тіршілігін әлеуметтік - экономикалық, саяси тұрақтылығын сақтауға негіз болатын бағдарламалардың бірқатары іс жүзінде атқарылуда. Және де осы бағдарламалар тұрақтылықты сақтаушы тетікке айналып отыр.

Әдебиеттер

- 1) Арын.Е.М. Модернизация социальной сферы в Республике Казахстан// Мысль2005 № 3
- 2) Райхан Н. Социальная сфера Казахстана в 2004 году.// Мысль 2005. №3
- 3) Искакова Г.М. Финансирование социального сектора. // Социальные реформы в Казахстане. А 2005.
- 4) Руслан.Ж «Қазақстанның бәсекелестік қабілеттілігін арттыру аясындағы стратегиялық даму бағыт –бағдарлары» / «Қоғам және Дәуір» №4(12) 2006

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК – ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛАЛАРДЫ ҚОЛДАУ САЯСАТЫ»

Исаев Б.Б.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ - нің магистранты, Астана
Ғылыми жетекші - Мәйдірова Д.М.

Тәуелсіздіктің алғашқы жемісіне қол жеткізгенге дейін республикамыз және барлық қазақстандықтар мемлекеттігімізді қалыптастырудың күрделі жолынан өтті. Шын мәнінде, мемлекеттік құрылысты жаңадан қалыптастыруға тура келді. Ескі саяси жүйенің институттары уақыт талабына сай болмады, ал басымдық ретінде нарықтық, либералды жолдар мен қайта құрулар белгіленді.

Енді, өтпелі кезеңнің қиын жағдайларында бұған дейін қол жеткізген жетістіктерден айырылып қалмай, өз дербестігімізді сақтап қалу міндеті тұрды. Жас тәуелсіз Қазақстанға бір жағынан институттық және саяси нығаю, басқару тәртібін күшейту қажет болса, екінші жағынан либералдық-демократиялық реформаларды жүзеге асыру керек еді. Еліміз жаңа мемлекет құруға қауқарлығы төмен болды және экономикалық және әлеуметтік қайта құруларды іске асыруда көпеген жетістіктерге қол жеткізе алдық.

Қазақстан сол кезеңде тарихтың жаһандық талаптарына жауап іздеудегі қиын уақытты бастан кешті. Осы жерде Конфуцийдің: “дамудың үш жолы бар: ойлану-толғану жолы - бұл ең қасиетті жол, еліктеу жолы - бұл ең жеңіл жол және тәжірибе жолы - бұл ең қиын жол” деген сөздерін еске түсірген жөн. Еліміз осы үш жолды біріктірдік - ойландық, шетелдік модельдерге “көз жүгірттік” және өзіміздің дербес әрі баға жетпес тәжірибемізді тірнектеп жинай білдік. Себебі, біздің алдымызда тез арада негізгі үш міндетті шешу: тәуелсіз мемлекет құру, жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға және тоталитаризмнен демократияға кешу қажеттігі тұрды. Осындай түбегейлі өзгерістерді көздей отырып, біз ең алдымен өзіміздің ресурстарымызға арқа сүйеуге, жаңа азаматтық институттарды құруға, экономикамызды мемлекеттік монополиядан арылтуға мәжбүр болдық, сондай-ақ халықтың орта бизнеспен айналысуын ынталандыру, саяси реформаларды Қазақстанда өмір сүріп жатқан барлық этностарды және діни әртүрлілікті ескеріп жүргізу қажет еді.

Тәуелсіздігімізді алғанымызға он жеті жыл болып отыр. Осы орайда халқымыздың тұрмыс - тіршілігін өзгерткен негізгі саяси және әлеуметтік-экономикалық реформаларды қамтыған үлкен жетістікке толы қадамдар жасалды

Жаһандық тарихи ауқым тұрғысынан алғанда мемлекеттік тәуелсіздіктің он жеті жылдығы көп уақыт емес екені әрі бұл кезеңнің Қазақстанның егемен мемлекет ретінде қалыптасу тарихына дамудың барлық негізгі бағыттары бойынша қоғам өмірінің еңселі жаңару уақыты болып кіретіні анық. Бірақ та, осы жылдарда қазақстандықтар ең басты нәрсені - халықтар бірлігі мен ынтымағын жоғалпай, демократиялық басымдықтарға негізделген жоғары экономикалық және әлеуметтік прогреске қол жеткізді

Мемлекеттің орнығуының нәтижелілігі мен одан әрі гүлденуі ел басшылығы, оның саяси элитасының таңдап алған даму бағытына тікелей байланысты екендігі талас тудырмайтын тұжырым. Саяси элита дайындалып, қалың бұқараның арасында кең қолдау тапқан келешегі зор әлеуметтік саланы дамудың негізгі бағыттары айқындайды. Бүгінгі таңда Қазақстан ТМД елдерінің арасында экономикалық жағынан алдыңғы қатарлы мемлекет ретінде орын алғанан экономисттер тұжырымдап отыр. Нарықтық сана жұмысқа қабілетті азаматтардың барлығын дерлік ақыл - ойын жаулап алды, бұл өз кезегіндегі қазақстандықтардың әлеуметтік стандарттары мен өмір сүру талаптары деңгейінің көтерілуіне өз септігін тигізуде. Сонымен қатар, халықтың өз тұрмыс - тіршілігінің жақсарғандығына деген сенімділік барған сайын тұтас ел дамуымен байланыстырылуда. Әрине бұл кезекте мемлекеттік әлеуметтік қолдауларды баса айтқанымыз жөн. Мемлекеттік әлеуметтік -

экономикалық қолдауларда қолданыстағы қазіргі таңда елімізде 47 **әртүрлі** бағыттар бойынша мемлекеттік қолдау бағдарламалары іске асырылуда. [1]

“Қазақстан Республикасындағы әлеуметтік әріптестік туралы” Қазақстан Республикасының Заңы негізінде және Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарын, Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 наурызындағы **«Қазақстанның** әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы» Қазақстан халқына Жолдауыш, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006-2008 жылдарға **арналған Бағдарламасын,** Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2007-2009 жылдарға арналған орта мерзімді жоспарын (бірінші кезең) атқарушы билік мүддесін көздейтін облыс әкімі, қызметшілердің мүддесін көздейтін кәсіподақтардың облыстық кеңесі және кәсіпкерлер мен жұмыс берушілердің мүддесін көздейтін қоғамдық бірлестігі **бұдан** әрі Тараптар деп аталатын және мына принциптерді:

- Қазақстан Республикасының заңнамасын және Қазақстан Республикасы ратификациялаған Халықаралық еңбекті ұйымдастыру конвенциясын **бұлжытпай** сақтауды;

- мемлекеттің, жұмыс берушілер мен қызметшілердің **әлеуметтік жауапкершілігін,** олардың мүдделері үшін өзара сыйластық және ең жоғары мүмкін **ымыраға** жетуді;

- **мемлекеттің** әлеуметтік-экономикалық дамуы стратегиясын іске асыруға және оны **тұрғылықты** жерлерде іс жүзінде жүзеге асыруға жәрдем беруге тең **құқықтық** түрде қатынасуды;

- әлеуметтік әріптестік пен әлеуметтік және еңбек қатынастарын **ұжымдық келісім-шартты** реттеуі арқышы еңбек құқықтарын және қызметшілер мен жұмыс берушілердің әлеуметтік-экономикалық мүдделерін қорғауды, келісімдер мен қоғамдағы **тұрақтылықты** сақтауды қамтамасыз ету ісінде **сындарлы** өзара іс - қимыл жасауды **басшылыққа** ала отырып облыстық деңгейде **әлеуметтік және еңбек қатынастарын** реттеудің жалпы принциптерін және Қазақстан Республикасының 2010 жылға дейінгі даму Стратегиясын жүзеге асыру бойынша біріге қызмет әрекетін белгілейтін 2007 - 2009 жылдарға арналған осы Келісімді жасады. [2]

Әлеуметтік қамтамасыз ету және әлеуметтік көмек көрсету мемлекеттік ақаулы саясатынан тыс қалған емес. Әлемдік қаржы дағдарысының елдің **әлеуметтік-экономикалық дамуына** әсер етуі және **экономиканың нақты** секторындағы өсу **қарқынының** айқын бәсеңдету **жағдайында** жұмыспен қамтылушылықты сақтап қалу және табыстарды қолдау, халықтың барынша әлсіз санаттарына **әлеуметтік көмек көрсету және қолдау мәселелері** ерекше маңызды болып отыр. Қазіргі **жағдайға** қарамастан **әлеуметтік қамсыздандыру және халықты әлеуметтік қорғау жүйесі** одан әрі дамып келеді. 2008 жылы 2007 жылмен салыстырғанда **әлеуметтік қамсыздандыру мен әлеуметтік көмекке** мемлекеттік бюджеттен **бөлінетін шығыстар** 502,4 млрд. теңгеден 566,9 млрд. теңгеге дейін **ұлғайды.** Бұл халық табысына едәуір **ұлғайтуға мүмкіндік берді,** ол туралы келесі индикаторлардың өсуі дәлел болады. 2007-2008 жылдары:

- 1) жалақының ең төменгі мөлшері - 1,2 есе (9752 теңгеден 12025 теңгеге дейін);
- 2) **зейнетақының** ең төменгі мөлшері - 1,1 есе (7236 теңгеден 7900 теңгеге дейін);
- 3) **зейнетақының** орташа мөлшері - 1,2 есе (10823 теңгеден 13647 теңгеге дейін);

Еліміздің **зейнетақылық қызмет керсету нарығында** 14 жинақтаушы **зейнетақы қорлары қызмет жасайды.** Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы және **қаржылық ұйымдарды** реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің деректері бойынша 2008 жылғы 1 **қарашадағы жағдай** бойынша міндетті зейнетақы жарналары бойынша салысшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы **шоттарының** саны зейнетақы қорының жалпы сомасы 1338,8 млрд. тенге болатын 9,5 млн.-ды **құрады.** Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің **қатысушыларына** төленетін ай сайынғы **төлемдердің** орташа мөлшері 3642 теңгені **құрайды.** **Бұдан басқа,** 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы мөлшері орта шамамен 25%-ға, **зейнетақы төлемдерін есептеуге арналған табысқа шектеу** 25 айлық есептік көрсеткіштен 28 **айлық есептік** көрсеткішке дейін өсті. Қазақстан Республикасының **«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы»** 1997 жылғы 20 маусымдағы № 136

Заңының 6-бабына сәйкес 2009-2011 жылдарға арналған республикалық бюджетте жинақтаушы зейнетақы қорларындағы міндетті зейнетақы жарналарының сақталуына мемлекеттік кепілдік бойынша міндеттемелерді төлеуге 2009 жылы 1 700 000 мың теңге сомасында шығыстар көзделген.

Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жанару мен дамуға» атты Қазақстан халқына жолдауына сәйкес Үкімет мемлекеттің элеуметтік төлемдерді және бюджет саласы қызметкерлері жалақысын ұлғайтуы бойынша барлық міндеттемелерінің толығымен сақталатындығына кепілдік береді.

Бұрынғы жоспарланғанындай, 2010 жылы бюджетшілердің жалақысы және мен студенттер стипендиясы 25%-ға, ал 2011 жылы тағыда 30%-ға ұлғайтылатын болады. Зейнетақының орта мөлшері 2010 жылы 25%-ға, 2011 жылы 30%-ға ұлғайтылады. Бұл ретте, 2011 жылы базалық зейнетақының төлемдер мөлшері ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасының 50%-на дейін өседі.

Еңбек пен халықты жұмыспен қамту. Еңбек қатынастарын реттеу мен азаматтардың еңбек құқықтарын қорғауда Қазақстан Республикасы Еңбек кодексін іске асыру және элеуметтік серіктестік жүйесін дамыту бойынша шаралар қабылданып жатыр.

Елімізде бизнестің элеуметтік жауапкершілігі бойынша жергілікті атқарушы органдар мен жұмыс берушілердің арасында Меморандумдар мен Келісімдер жасасу тәжірибесі дамуын тапты.

Мемлекет басшысының 2009 жылғы 6 наурыздағы «Дағдарыстан жанару мен дамуға» атты Қазақстан халқына жолдауына сәйкес элемдік дағдарыс жағдайында жұмыспен қамту стратегиясы кадрларды қайта оқыту мен қайта даярлау бойынша кең көлемді жұмыс атқаруға бағытталған. Өңірлік жұмыспен қамту мен кадрларды қайта даярлауды қамтамасыз ету үшін Үкіметке кемінде 140 млрд. теңгеден қаражат бөлу тапсырылған. Жергілікті бюджеттерден жұмыспен қамту стратегиясын ортақ қаржышандыруға қаражат бөлінетін болады. Жұмыстан айырылған халыққа жаңа жұмыс орындары ашышатын болады.

Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 2 желтоқсандағы № 1126 қаулысымен бекітілген «Нұрлы көш» бағдарламасы әзірленді, бағдарламаның негізгі мақсаты ерікті негізде этникалық қазақтарды, Қазақстанға қайтып келуге ниет білдірген еліміздің бұрынғы азаматтарын және ішкі көшіп-қонушыларды өңірлерді демографиялық және элеуметтік-экономикалық дамыту және қатысушылардың элеуетін іске асыру мүддесімен ұтымды қоныстандыру және олардың жайғасуы мен жұмыспен қамтышуына жәрдемдесу болып табылады.

Қазіргі кездегі нақты экономикалық жағдайларға бара-бар білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің бәсекеге қабілеттілігін дамыту үшін білім беру жүйесін басқарудың жаңа үлгісін енгізу және білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету жоспарлануда. Мемлекеттік бюджеттің білім беру саласын дамытуға арналған шығыстары жыл сайын ұлғаюда. Бюджеттің білім беруге арналған шығыстар үлесі 2007 жылы - ЖІӨ-ге 3,6% немесе 455,8 млрд. теңге болса, 2008 жылдың өзінде ол 572,8 млрд. теңгеге жетті. Осылайша, 2008 жылы білім беруге мемлекеттік инвестициялар 2000 жылмен салыстырғанда 6,4 еседен астам ұлғайды.

Жоғарыда аталып өткен аталмыш бағыттардың тізбегі, еліміздің элеуметтік - экономикалық тұрақтылығын сақтауға және оны дамытуға бағытталған басты басымдықтар болып табылады. Қазіргі кездегі элемдік дағдарыс кезеңінде кез - келген елдің ішкі және сыртқы экономикасының қиын сәттерінде тұр, сол тұрғыдан осы салаларды қолдауда мемлекеттік саясатымыз берік деп айтуға болады.

Әдебиеттер

- 1) М.Әбішова «Жаһандану үрдісіндегі Қазақстанның даму стратегиясы: идеологиялық негіздер» / «Қоғам және Дәуір» №3(11) 2006
- 2) http://www.edu-cip.kz/kz/index.php?option=com_content&task=view&id=2331&Itemid=355

3) <http://www.caspionet.kz/index.cfm?id=65719>

УДК334.012.63'64:338.97(574)

ДАҒДАРЫСТЫҚ ЖАҒДАЙДА ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕСТІ ДАМУ ҚАЖЕТТІЛІГІМЕН МӘСЕЛелЕРІ

Ә.А. Дуйсебекова

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана

Ғылыми жетекші - экономика ғылымдарының кандидаты К.С. Сапаралиева

Еуразияның ұлы бір ойшылы бұдан бір жарым ғасыр бұрын былай деген екен: “Сыртқы күш дегеніміз - ішкі күштің туындысы”. Бұл ойды басқаша айтсақ, “Сыртқы дағдарыс дегеніміз - ішкі дағдарыстың туындысы” екенін әбден анық пайымдауға болады.

Сондықтан да қазіргі жаһандық дағдарыс - бұл мүлде қандай да бір табиғи апат емес және жағдайлардың кездейсоқ қиылысының нәтижесі емес, бәрі бір терең ішкі ақаулықтың заңды сыртқы салдары.

Содан да біз оны нақты айқындап, белгілемейінше, дағдарыстың өзін жөндеу жөніндегі біздің бүкіл күш-жігеріміз тек косметикалық сипатта ғана болады. Бұл жағдайда біз жоймаған ақау кейін де жиілей түсетін және салдары әлдеқайда ауыр болатын жаңа дағдарыстарды туындата береді [1].

Өздеріңіз білгендей, бүгінгі жаһандық масштабтағы дағдарыс еліміздің экономикасына өзінің келеңсіз әсерін тигізді. Оған түрткі болған жағдайлардың бірі 2004 жылы Әлемдік банктің Қазақстанды инвестициялық климаты қолайлы 20 елдің қатарына қосуы отандық банктердің шетелден 45.9 млрд. доллар, яғни, әрбір қазақстандық азаматқа шаққанда 3 мың доллар болатын қарыз тартуға ықпал етуі. Коммерциялық банктердің «арзан» тартылған қаражаттары салдарынан халықты несиелендіру экспанциясы артты. Сонымен қоса, коммерциялық банктердің өздерінің несиелік портфелін рационалды жүргізбеуінің әсерінен банктердің ликвидтіліктері төмендеп, займ алғандардың несиені уақтылы қайтара алмау салдарынан, үмітсіз несиелердің көлемі 170 млрд. теңгеге дейін өсті. Бүгінде банктердің ликвидті активтері 13,5 млрд. доллар болатын болса, осы жылдың 1-қыркүйегіне дейін олардың қайтаруға тиісті сыртқы қарызының көлемі 12 млрд. доллар болып отыр. Өкінішке орай, өскелең турбуленттілік жағдайындағы коммерциялық банктеріміз шағын және орта бизнес өкілдерін несиелендіруді қысқартты. Шағын және орта бизнес нақты экономикалық сектордың қаңқасын жасаушы субъектілер болып табылатындықтан, бүгінгі дағдарыстық жағдайда, бұл құрылымды даму қажеттілігі өзекті мәселе болып отыр [2].

Айталық, Германияда саны 3.5 млн. болатын шағын және орта бизнес ЖІӨ 97%-ын құраса, Қазақстанда ЖІӨ 30,8%-ды ғана құрайды. 2008 жылы елімізде жұмыс жасайтын шағын және орта бизнестің саны 756385 болды, оның 11756, яғни, 1.5% орта бизнеспен айналысса, 744629 шағын бизнеспен айналысады. Ал, енді шағын және орта бизнестің дағдарыс жағдайындағы шешетін макроэкономикалық аспектілеріне келетін болсақ:

- Шағын және орта бизнестің дамуынан жұмыссыздық мәселесі шешіледі.
- Экономиканың эртарарты дамуына ықпал етеді. Ал бұл үрдістің өзі ұлттық экономикамыздың импорттық тауарға деген тәуелділігін төмендетеді. Бүгінде еліміз халық тұтынатын тауарларды, электроника, дәрі-дәрмектерді импорттайды.
- Бәсекелестік ортаны қалыптастырады. Бәсекелестік - нарықтық экономиканың негізгі атрибуты екедігі белгілі. Әрбір экономикалық субъект өз мүддесін бірінші орынға қоя отырып, нәтижесінде бүкіл қоғам үшін игілік жасайды. Бәсекелестік ортада барлық субъектілер шектеулі ресурстарды рационалды пайдаланып, еңбек өнімділігін арттырып,


шығындарды барынша темендетуге тырысады. Сондай-ақ, бәсекелестік ұлттық экономиканы өнімділікке алып келетін қозғаушы күш.

- Кедейшілік мәселесі. Бүгінде еліміздегі кедейшілік деңгейі 64%-ды құрайды. Сондықтан да шағын және орта бизнестің дамуы күнкөріс деңгейін көтеріп, халықтың элаукатышың өсуіне және орта таптың саны артуына өзінің қомақты үлесін қосады.

- Шағын және орта бизнес ірі бизнес субъектілеріне қарағанда, нарық конъюктураларына өте икемді келеді. Келеңсіз жағдайларда өз стратегиясын жарты, бір жыл ішінде икемді өзгерте алады, сондай-ақ, шағын және орта бизнесте капитал айналымы да жылдам жүреді [3].

Жоғарыда көрсетілген шағын және орта бизнестің негізгі сипаттамаларынан байқаған боларсыздар, бүгінде бұл құрылымды дамыту шикізаттық экономикадан шығудың бірден-бір құралы екендігін. Сонымен қатар, шағын және орта бизнес экономиканы тұрақты дамытатын католлизатор іспеттес.

Экономика өзара тығыз байланысты тұйықталған жүйе болғандықтан, бір құрылымның істен шығуы міндетті түрде өзінің әсерін басқа құрылымға тигізеді, яғни, экономика домино ойынының ережелеріне бағынады. Шағын және орта бизнес ең алғашқы домино сүйегі болып табылады. Себебі ол нақты экономикалық сектордың негізін құрайтын атом [1-сурет].



1-сурет. «Домино эффектісі».

Суретте көрсетілгендей(жоғарыда көрсетілген сурет ракурстық негізде, жалпылап сипатталады), нақты экономикалық сектордың дамуы қор биржасының іскерлік белсенділігіне әсер етеді. Өкінішке орай, қор биржамыз қарқынды дамымаған, оған себеп болатын екі мәселе бар:

1. Халықтың қор биржаға деген лояльділігінің жоқтығы. Бүгінде экономика үшін «өлі жүк» болатын халықтың жинағы кейбір мәліметтер бойынша 10 млрд, доллар шамасында. Мұның өзі халықтың инвестициялық тұрғыдан қарағандағы сауатсыздығын, альтернативті пайда көзі болатын қор биржасына деген лояльділіктің жоқтығын білдіреді. Ал, егер бұл ақша экономикаға инвестиция ретінде жұмсалатын болса, ол қор биржаның іскерлік белсенділігіне міндетті түрде әсер ететін еді. Қор биржасы ішкі қаржылық тетіктерді іске қосып, отандық банктердің сырттан қарыз тарту тәуелділігін шектейтін еді.

2. Нақты экономикалық сектордың әлсіздігі. Қор биржасы мен нақты экономикалық сектор өзара үйлесімді қызмет жасайтын, тығыз байланысты салалар болып табылады. Ал нақты экономикалық сектордың моторы шағын және орта бизнес болғандықтан, бұл құрылымды дамыту үшін мемлекет тарапынан қолдау қажет.

Үкімет былтырғы жылдан бастап, осы мақсатта, салықтық мөлшерлемелерді төмендетіп, Салық Кодексіне дағдарыстық жағдайды ескеретін өзгертулер енгізді. Айталық, корпоративтік салық кезеңмен төмендетіліп, 2011 жылы 15% құрайтын болады. Қосылған құн салығы 12% төмендетілді. Сонымен қатар, қыркүйек айынан бастап, шағын және орта бизнеске тоғыз айлық мораторий жарияланды.

2007-2008 жылдары бюджеттен шағын және орта бизнесті несилендіру мақсатында «Даму» қоры арқылы екінші деңгейлі банктерге 48.8 млрд.теңге бөлінді. Бұл қаражаттарды банктердің тиімсіз игергендігі өз көрінісін берді. Атап айтқанда:

- Бөлінген қаражаттың 86,2% игерілді, яғни 48 800 000 000 теңгеден 42 086 638 674 теңгені құрды. 6 713 361 326 теңге игерілмей қалды. Орташа есеппен алынған пайыздық ставка 17,8%, кредиттің орташа сомасы 16 517 519 теңгені, тиімді ставкасы - 19,1% құрады. Барлығы 2 548 жоба кредиттелді.

- Салалық тұрғыда 59,6% -бен мейлінше үлкен үлес сауданың еншісінде. Орташа есепті пайыздық ставка бойышша бұл салада 25 063 425 041 теңге игерілді. Орташа есепті пайыздық ставка бойышша 18,0%-бен 1 587 жоба іске асырылды. Келесі орынды 19,2% үлеспен өзге қызмет түрлері құрайды. Осы сала бойышша игерілетін сома 8 061 814 156 теңгені құрады, орташа есепті пайыздық ставка бойышша 17,8%-бен 411 жоба орындалды.

- Өнеркәсіп саласында пайыздық үлес 10,7% құрайды. Осы аталған сала бойынша игерілетін сома 4 513 364 419 теңгені құрайды, орташа есепті пайыздық ставка бойышша 17,7%-бен 313 жоба жүзеге асырылды. Құрылыс саласына 5,4% үлес тиесілі. Осы сала бойышша игерілетін сома 2 253 072 049 теңгені құрайды, орташа есепті пайыздық ставка бойышша 17,9%-бен 114 жоба іске асырылды. Көлік және байланыс саласының үлесінде 3,2%. Осы сала бойынша игерілетін сома 1 330 256 081 теңгені құрайды, орташа есепті пайыздық ставка бойышша 17,5%-бен 70 жоба жүзеге асырылды. Ең төменгі пайыз ауылшаруашылығының үлесінде - 2,1%. Осы сала бойынша игерілетін сома - 864 706 927 теңгені құрайды, орташа есепті пайыздық ставка бойышша 15,0%-бен 53 жоба орындалды.

- Несиенің бір деңгейде бөлінбеуі байқалды, яғни, бөлінген қаражаттың 54% 4 облыста шоғырланды (Алматыда 22%, Қарағанды 14%, Павлодарда 8%, ПҚО 8%).

Жоғарыда туындаған кемшіліктердің себептері әріптес-банктермен жұмыс істеудің негізгі принциптерінің бірі Қордың олардың ішкі жұмыстарына және кредит процесіне араласпау саясаты болып табылатындықтан, Қор банктердің оперативтік қызметтеріне қатыса алмайды. Дәл осы жағдайдың бірегейі биыл да байқалып отыр [4].

Мәселен, биылғы жылы «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры арқылы 12 банкке шағын және орта бизнесті қаржыландыру мақсатында 117 млрд. теңге көлемінде қаржы бөлі. Бөлінген қаражаттың 30%-ы жаңа жобаларды несиелендіруге жұмсалады, ал 70%-ы қайта қаржыландыруға бағытталған. Әрбір шағын және орта бизнес өкіліне берілетін несие көлемі 750 млн теңге болмақ, ал пайыздық мөлшерлемесі 12.5%, 7 жыл мерзімге берілетін болады. Өкінішке орай, банктердің бұл ресурстарды игеруі баяу жүргізілуде. Бүгінде оның 25.7% ғана игерілді. Рецессиялық жағдайдағы Қазақстандық бизнестің 70% банкроттыққа тірелгендіктен, олар үшін несиені дер кезінде алудың маңызы зор. Сондықтан да шағын және орта бизнес өкілдеріне беретін несиелендіру механизмін өзгерту керек. Яғни, коммерциялық банктер арқылы беруден гөрі, «Даму» қоры арқылы тікелей бөлу жүзеге асатын болса, онда несиелендіру үрдісінің уақыты қысқарып, несие шағын және орта бизнестің экономиканы диверсификациялайтын өндіріс, шаруа қожалығы сияқты приоритета салаларына бөлініп, аймақтарға бір деңгейде таралатын еді. Әрі «Даму» қорының еліміздің 15 аймағында орналасқан филиалдары да несиелендіру үрдісін жеңілдететін еді. Бүгінде коммерциялық банктер жоғарыдағы мәселелерді басшылыққа алмай, несиелендіруді тиімсіз жүргізді. Сондықтан да, бұл мәселені оңтайлы шешу еліміздегі өзекті мәселелердің бірі болып табылады [5].

Экономиканы дағдарыстық жағдайдан шығаратын, «шикізаттық кісеннен» босататын, экономиканы диверсификациялайтын да шағын және орта бизнес болғандықтан, оны Үкімет тарапынан қолдау, қаржылық көмекті мақсатты жеткілікті бөлуден ұлттық экономика ұтпайтын болса, ұтылмайды. Сондықтан да, еліміздің бүгінгі экономикалық жағдайын ескере отырып, шағын және орта бизнесті дамыту қажеттілігі мен мәселелерін оңтайлы шешу қажет.

Әдебиеттер

1. Н. Назарбаев: «Дағдарыстан шығу кілті» // Астана Республикалық қоғамдық саяси газет №26, Сенбі 7 наурыз, 2009 жыл 2-бет.
2. www.google.kz А Храмов: Опасная тенденция. Внешние долги Казахстанских банков доросли до \$45 млрд
3. Токсанова А.Н. Основы предпринимательской деятельности. - Астана, 2007 - 480 с
4. www.damu.kz 2008 жылғы «Даму» қорының екінші деңгейлі банктерге бөлінген қаражаттың игерілуі.

УДК330.322(574)

ШЕТЕЛДІК ИНВЕСТИЦИЯСЫ - ҰЛТТЫҚ ЭКОНОМИКА ДАМУЫНЫҢ ФАКТОРЫ

Алимбаев Темирхан Алимбайұлы - магистрант
Ғылыми жетекші - Садуақасова Күнсүлу Жылқайдарқызы - э.ғ.к.
Л.Н. Гумилев атындағы
Еуразия Ұлттық Университеті

Ұлттық экономиканың бәсекеқабілеттілік мәселелері тек қана шаруашылықтың бөлек салаларындағы тауарлардың деңгейінде емес, сонымен қатар әлемнің негізгі экономикалық орталықтарындағы жалпы ұлттық деңгейде назар аудару басым түсіп келе жатыр. Осыған орай, отандық өнеркәсіптің халықаралық концепциясын күшейту бағдарламасы бірқатар дамыған елдерде қолданысын тапқан. Ғылымдардың фундаменталды зерттеулері бойынша елдің қазіргі заманғы бәсекеқабілеттілігі екі топ факторларының жиыны ретінде қарастырылады: бастапқыда табиғатпен берілгендер және экономикалық процесс барысында пайда болғандар. Дегенмен, мұнда елдің бәсекелестігін және ұлттық экономикалардың байланысындағы байланысындағы компаниялардың ролі жеткіліксіз қарастырылған.

Капитал ағымының ұлғая түскен трансшекаралық мобильділігі жаһандандудың ерекше бір құбылысы. Шетелдік инвестициялардың қарқынды дамуда, нәтижесінде көптеген елдердің экономикасында оның ролі артып келеді. Бірақ, нәтижесінде көптеген елдерде шетелдік инвестициялар экономикалық дамуды жылдамдатады, ал басқаларында тұрақсыздықтың көзі және тіпті дағдарысқа тірелудің себебі болып табылады, деген мәселе шешусіз қалып отыр.

Сол үшін, тұрақты экономикалық өсуді қамтамасыз ету мақсатында бәсекеге қабілетті, жоғары технологиялы және ғылымды қажетсінетін өндірісті дамытуға басым тәртіппен бағытталады, ішкі және сыртқы инвестициялардың жоғары деңгейіне қол жеткізу қажет. Қазақстандағы ең басты стратегиялық міндеттердің бірі әрдайым елге экономикалық өсу бағдарламасын іске асыруға мүмкіндік беретін "тікелей" және "қоржындық" инвестицияларды тарту болып келді.

Экономиканы дамытуға бағытталған қаржы ресурстары көлемін едәуір арттырмайынша ЖІӨ өсімінің жыл сайынғы 5-7% деңгейінде болжанып отырған жоғарғы қарқындына қол жеткізу мүмкін емес. Мемлекеттік және жеке инвестициялардың экономикаға тартылған ағымдағы көлемі осы заманғы экономиканың жылдам өсіп отырған қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жеткіліксіз. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі қазіргі кезде ДЖӨ-нің 18-19%-ынан аспайтын мөлшерді құрайды, ал елімізге осы қолда бар деңгейден екі есе асып түсетін инвестициялар көлемі қажет.

Бүгінгі таңда жүргізіліп отырған инвестициялық саясат бірқатар жағымдылықтарымен сипатталады, солардың арасынан шетелдік инвестицияны тарту үшін тұтас алғанда қолайлы инвестициялық ахуалдың сақталғанын, бағалы қағаздар нарығының құрылғаны мен дамығанын, жаңа институционалдық инвесторлар қалыптасқанын, экономиканы несиелендіруде банктердің ролі күшейгенін атап өткен жөн.

Қазақстанға тартылған шетелдік инвестициялар көлемі соңғы уақытта екі есеге дейін ұлғайған. Мұның өзі әлемдік қоғамдастықтың Қазақстандағы тұрақтылық пен оның инвестициялық әлеуетін жоғары бағалайтынын көрсетеді. Соңғы он жылда республика экономикасына 30 млрд. доллардан астам тікелей шетелдік инвестициялар тартылған.

Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері мен жаңа арналарының ашылуы **халықаралық инвесторларды біздің елмен белсенді ыштымақтасуға ынталандырып отыр**. Оның үстше **елдегі** банк секторының дамуы да **бұған жағдай** туғызады. 2003 жылы "Инвестициялар туралы" Заңның қабылдануы және онда осы заң күшіне енгенге дейін **жасалған** келісім-шарттар **негізінде** берілген жеңілдіктердің **сақталатындығының** көрсетілуі Қазақстанның инвесторлармен **жұмысы жақсы** негізге қойылғанын **көрсетіп** берді.

1998 жылы Қазақстанда инвестициялық ахуалды түбегейлі жақсартуға **бағытталған** тағы бір шара қабылданды. **Яғни**, осы жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің жанынан Шетелдік инвесторлар кеңесі **құрылып**, жұмыс істей бастады. Биіш **құрылғанына** сегіз жыл болатын **оның** қызметінің тиімділігін **уақыттың** өзі дәлелдеп берді. **Бұл Кеңес** инвесторлар мүддесін қорғауда, қажет болған жағдайда республика **басшылығына** тікелей шығу арқылы күрделі мәселелерді шешуде **көп** іс атқарды.

Әлемге танымал менеджерлердің бірі Питер Робертсонның **пікірінше** бүгінде Қазақстан экономикасыш, оған салынған инвестиция **көлемін** тек ТМД-ның шеңберімен шектеу **өлшем** бола алмайды, Қазақстан үшін қазір өз экономикасыш Орталық Еуропа мен Оңтүстік-**Шығыс** Азия елдерінің экономикасымен салыстырған орынды болады. Қазақстан Президенті **Нұрсұлтан Назарбаевтың** әлемнің барынша бәсекеге қабілетті экономикасы бар елу елінің қатарына шығару қолдан келетін міндет.

Егер шетелдік мықты мамандар **бұл** саясатты қолдап, **мойындап** отырса, Қазақстан үшін ол өте тиімді. Елбасының **бұл** стратегияны бүкіл ұлтымызға ортақ идея болсын деуінде де осындай мақсат жатыр.

Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан тұрақты түрде дамуы шетелдік инвестицияларға тәуелді **болмауға** тиіс. Мұның сьфтында қоғамдық **өмірімізде** орын алуы мүмкін қолайсыз факторларды да жоққа шығара алмаймыз. Елбасының тікелей ышпалымен **Ұлттық** қор құрылуының арғы астарышда осындай стратегиялық **мән** бар деп білеміз.

Шетелдік инвестицияларды тарту **көлемі** бойышша Қазақстан жан басына шаққанда ТМД елдері арасында жетекші орынға ие болып келеді. Жыш сайынғы тікелей шетелдік инвестициялардың жиынтыш **көлемі** орта есеппен ІЖӨ-нің 8%-ы деңгейінде сақталып отыр. **Қазақстандағы** қолайлы инвестициялық ахуалға мынадай жолдармен қол жетіп отыр:

- саяси тұрақтылықты және алдын ала болжауды сақтау;
- валютаның **тұрақтылығын** қолдау;
- **нарықтық** өзгерістерге **бағытталған** реформалар жолын устану саясатын жүргізу және әлемдік экономикаға интеграцияланған демократиялық құқықтық мемлекет құру.

Шетелдік капитал **өндірістік** сектордың дамуына ықпал етпейді, **өйткені** іс жүзінде толығымен экономиканың өндіруші секторларына, негізінен мунай **өндіру** мен металлургия салаларына **жіберіледі**. Будан басқа, инвестициялар **құрылымын** талдау шетелдік **инвесторлардың** ақшаның көп бөлігін айналым қаражатына немесе қысқа мерзімді пайдаланудың негізгі қаражатына салатынын **көрсетеді**. Шетелдік инвестициялардың келуін ынталандыру саясаты **отандық** және шетелдік инвесторлардың теңсіз жағдайға **қойылуына** алып келді. Капиталдың елден кетуінің жалғасуы Қазақстан экономикасыш дамытуға теріс әсер етіп отыр. Тартылатын шетелдік капитал **көлемін** арттыруға кедергі келтіретін бірқатар факторлар бар, олардың ішінен мыналарды **атап** көрсетуге болады:

- Қазақстан **нарығындағы** іскерлік белсенділіктің төмендігі;
- заңнама мен реттеуші шаралардың **көмескілігі**;
- **ақша** қаражатының **төлемсіздік** дағдарысымен шиеленіскен төмен өтімділігі;
- сенімді **ақпараттың** өткір тапшылығы.

Қазіргі **инвестициялық** саясатқа жасалған талдаудан елдің экономикалық игілігінің негізі **болып** табылатын экономиканың өндірістік секторын дамытуды қаржыландыру жеткілікті дәрежеде **жүргізілмейді** деп **қорытынды** жасауға болады. Соңғы жылдардағы экономикалық **реттеулер тәжірибесі**, шетелдік **жекеше** инвестициялардың **бәсекеге қабілетті**, жоғары қосылған құнмен өнім шығаратыш өндіріс **құруға** ешқашан да **бармайтынын** **көрсетіп** отыр, өйткені шетелдік капитал өз өндірісіне **бәсекелестер** туғызуға

умтылмайды. Шетелдік капитал да, ішкі капитал да экономиканың **нақты** секторына ірі ауқымды ұзақ мерзімді инвестицияларды қамтамасыз ету үшін инвестициялық саясат стратегиясы мынадай міндеттердің шешілуін талап етеді:

- ішкі жинақ ақша элеуетін жүзеге асыруға көңіл аудара отырып экономиканың **нақты** секторын дамытуға инвестициялық ресурстарды тарту мен бағыттау процесіндегі мемлекеттің ролін күшейту;

- қаржы ағынының инвестордан қарызгерге ұйымдасқан түрде ауысуын қамтамасыз ететін, экономиканың маңызды буыны ретіндегі қор нарығының қалыптасуы үшін жағдайлар жасау;

- нақты экономика саласындағы банктердің кредиттік қызметін жандандыру;

- Қазақстанның ұлттық мүдделерін сақтай отырып шетелдік инвестициялардың келуін ынталандыру мен шетелдік және отандық инвесторларды экономиканың басым салаларына тарту үшін қолайлы жағдай жасау.

Біз үшін тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы әрбір қадамнан қорытынды шығаратын, сол арқылы алдағы міндеттерді нақтылайтын кез келді. Бул тұрғыда елдің ішкі өмірінде инвестиция салуға қолайлы ахуал, яғни саяси тұрақтылық қалыптастыру қажеттігін, шетелдік инвестициялар салу үшін құқықтық нормативтік базаның болуын, инвесторларға жеңілдіктер берілуін, олардың жұмыс істеуі үшін мүмкіндік туғызуды атауға болады.

Елімізге қосымша инвестициялар тартуда, жаңа технологиялар мен сапаның жаңа стандарттарына жету жолында Қазақстанға әлі де көмек, қолдау қажет екені анық. Бізде экономикалық белсенді халық саны әлі де болса шектеулі екені белгілі. Екінші жағынан, бүгінде елде өндірістің өсу қарқыны жоғары. Мұның өзі мемлекетке оның әр түрлі салалары бойынша кәсіби шеберлігі жоғары кадрлар әзірлеуді күн тәртібінен түсірмеуді жүктейді. Бұл ретте шетелдің озық тәжірибелерінен үйренгеннің ешқандай жаттығы болмаса керек. Елбасы ойы бізге осы қағиданы меңзейді. Республикамызда қолға алынған индустриялық-инновациялық жүйе де бірінші кезекте білікті кадрларға деген суранысты туғызары хақ. Аталған бағдарлама мемлекетіміздің өркениетті елдер қатарына өтуіне қолайлы алғышарттар қаламақ.

Сонымен, Қазақстандағы инвестициялық тартымдылықтың сыры неде дегенге келетін болсақ, біріншіден, жоғарыда айтылғандай, Елбасының мунай-газ саласындағы ресурстарды игеруге жол аша білуі деп айта аламыз. Тағы бір айтарымыз, елімізде жоспарланып отырған жеті кластердің де инвестициялар үшін атқарар ролі зор.

Тек өз тауым ғана биік болсын деу Қазақстанға да, оның басшысы Нурсұлтан Назарбаевқа да жат қасиет. Қазақстанның өз экономикасын өркендетіп қана қоймай, Орталық Азия өңірін де алға умтылдыруға бастамашы бола білуі сүйсінерлік жәйт. Көшбастаушылық дегеніміз де осындай іргелі істерден, экономикалық және саяси тұрақтылық сақталуынан бастау алатыны анық.

УДК 338.97(100)

INVESTING IN PEOPLE: WHAT ARE SOME POSITIVE EFFECTS OF CRISIS?

Borina Tuganay , the student of the Eurasian National University named after L.N.Gumilev

Scientific advisor - Alyamova Z. A.

Everyone is asking where the global financial crisis will turn next, what it will mean and what to do about it. Policy makers who must manage the crisis are facing a long series of risks that involve delicate trade-offs. What they do - and how the markets react, will make a difference. At the same time, citizens and consumers are wondering how far the turbulence will go and what it will mean for their investments and their credit, their homes, and ultimately their ability to make decisions and plan for the future. The crisis we face today isn't all that different than what happened

in the late 1920s. Does that mean you should panic? No, at least not yet. **Panicking** only makes the problem worse. However, it is important to look for positive points to **find** a way out **of** the financial crisis, apart from philosophic controversy. Although it is difficult to speak about positive points while the entire world is facing such a crisis, there must be some positive aspects. The benefits of financial crisis.

Investment in people - investment in future. First, education is one of the heavily invested spheres during the financial crisis. How can education be reformed to bring **it into line with the new** demands for insertion in an increasingly "globalized" world without sacrificing social and **cultural** developments to those demands? Asia, which is more "dense" than the other continents combined, is one the first who understood the need for well-trained specialists at this **time**. On the other hand, most of the world's illiterates are to be found in Asia. Some of the major education problems currently facing mankind are evident in the region. For instance, there are estimated to be 625 million illiterates in Asia: 71% of the world's total, of whom 64% are women and girls. (1) The Global financial crisis showed that the financial institutions, universities have a lot of work to do. Improved education is also essential so that consumers and investors will make more informed decisions and not only protect themselves, but also help to improve how markets function. In these circumstances, it is quite evident that top countries decided to focus not on physical capital (within a year, the price of oil and metals dropped by almost three quarters and one half, respectively) but on human resources instead. As an example, China which plans to establish a knowledge-based economy, will invest around 27 billion US dollars in education to ensure that every child in rural areas enjoyed nine years of compulsory education. The Chinese government will invest 218.2 billion yuan (27 billion US dollars) and vows to fundamentally change the fact that many poor families cannot afford to send their kids to school. "It means in the ensuing five years, China's central finance will set aside 125.4 billion yuan (around 15 billion US dollars) to support compulsory education," Zhou said, adding that in the 11th Five-Year Plan (2006-2010), China will increase the investment ratio to four per cent from 2.79 per cent in 2004. (2)

Kazakhstan was one of the first nations in the world to promptly respond to the increasing turbulence in the global economy and start implementing proactive measures. In the globalization era and following global crisis, Kazakhstan's growth rate stays stable because of his long-term focus on paying a close attention on educating its population. Paradoxically, in 2007 before financial crisis hit its peak, Deputy of Majilis Beken Alimzhanov has made it public that financing of education in Kazakhstan lags behind: "Only 16% of students in Kazakhstan study thanks to the public grants. If we want to boost our economy, innovation and science, first of all, we have to start with proper education and staff training." (3) So now Kazakh students are greatly benefiting from financial crisis as Government decided to provide 11500 grants for undergraduates and graduate students and private universities studying on a fee-paying basis to help low-income families. The number of grants allotted for higher education in 2008-2009 academic year comprised 33490 and exceeded the last year index by 100. The state has provided 4500 grants for 2008-2009 educational years. That is by 500 grants more than in previous years. Again this proves positive effect of financial crisis particularly on the student body. (4)

The financial crisis emphasized the need for new generation of highly-qualified, with a broad horizon specialist who will introduce new technologies and lead economy into prosperous future. The positive point of financial crisis is increased investment in human source.

Diversified economy - is the key to independence. The second of these positive effects is that the financial crisis ushers in an end to the domination of the sole magnate in international financial relations, which was a major cause of the crisis. Wall Street was the world's most powerful investment house, just a few months ago, where investments used to pour from the East and the West. Now Wall Street means bankruptcy, and investors in fear of losing their money do their best to **avoid it**. At present, there are regions in Europe and Asia, including the Gulf region, emerging as hubs of huge investments, which will bring about more stability to the world financial system This shift **is** important for restructuring international relations in the post-crisis stage

Transparency. Thirdly, the next global financial and banking system will be strictly regulated and supervised by applying the measures of control, transparency and global governance. One of the **main** issues of whole modern society is the corruption. Another trend over the past year has been a **government** **to** **manipulate** **the** **courts,** **regulatory** **agencies** **and** **the** **media** **to** **bring** **about** **the** **collapse** **of** **private** **banks** **that** **have** **stepped** **out** **of** **line**" Apart **from** **the** **state-owned** **national** **bank,** **most** **banks** **in** **Kazakhstan** **are** **privately** **owned** and include a range of merchant, investment and

retail activities. Under current legislation, banks are allowed to finance political parties and many are controlled by enterprises with political affiliations. However, these loyalties are not always transparent. Again financial crisis showed that there a need for restoring confidence of citizens, renew trust in the financial system. On the positive side, corruption in Kazakhstan seems to lower than in previous years. According to -the index of corruption perception calculated by Transparency International, Kazakhstan used to be on the 150th place but there are some good changes. The report (2008) showed that Kazakhstan has placed 145th among 180 nations. (5)The good news is that people because of their experience based on numerous examples realized that corruption is the one of the main causes of crisis. It is widely understood that corruption harms both society and the State. For instance, simple and transparent regulatory systems - so that businesses wont waste precious time and resources trying to find out what the rules are and how to comply with them; so that new firms can enter the market without complication or being driven underground; and so that foreign investors are encouraged to bring in their capital, technology, and skills. As a result, Kazakhstan government signed the Ratification of the UN Convention against corruption in 2008, recognizing that this is one of the ways to come out safely from financial crisis. Global financial crisis only encouraged transparency in economics.

Ecological intelligence. When the economy goes red, it turns to become green. "There were marked similarities between the lack of transparency and action on complex lending risks that had wreaked havoc in the banking community and the kinds of dangers being stored up by corporate and political inaction over global warming," said Barker, the director of the centre for climate change mitigation research at Cambridge. "Both threaten the economy with catastrophic collapse," added the economist. Indeed "going green" not only benefits our Earth but reduces costs associated with production processes. Moreover, China is intended to focus on an important part of its stimuli package to green projects. One of the greenest fiscal stimuli so far is taking place in another Asian-OECD country, Korea, where they intend to devote around 80% of their financial stimulus measures to green projects. (6) The United States is not an exception in this case, the biggest 25 companies went green this year like Coca-Cola, McDonalds, Budweiser, Du Pont, Wall-Mart, Toyota. (7)

The money thus saved will, first of all, give us an opportunity to implement an employment strategy for citizens. Not only will this strategy help us cope with the shocks of the crisis but it will also guarantee that the economy develops efficiently after the crisis is over. It should create new opportunities for every family in the world. "Green jobs are the jobs of the future, not just because they pay well and can't be outsourced. But because they'll help reduce our dependence on foreign oil, and save this planet for our children," Obama explained during his speech at Hocking College. More and more evidences can be found how the economy turned "green" because of Global financial crisis. Green is the pathway to get out of this economic mess — that green is the way to create jobs and new businesses, find new resources of energy and save money. That's the positive side of economic downturn.

It s quite clear that there are some problems and possibilities that color the financial crisis. Since so much of the process o political socialization (in Kazakhstan as elsewhere) occurs in home, young people acquire the politically entrenched opinions from their parents. However, there is little hope of change unless there exists political and educational climate. Therefore it is important for our authorities to try another strategy: starting investing in people. This is a crucial link to the success of the new phase in the country's development.

Resources

1. Prospects. Education in Asia. (The quarterly review of comparative education), volume XXX, No.3, September 2006
2. The state and worldwide news agency in China, <http://www.xinhuanet.com>, 2009
3. Kazinform, BUSINESS NEWS & NEWSPAPERS, "Review of national politics in the sphere of education: higher education in Kazakhstan", resource 156630, Almaty, October 29, 2008
4. Kazinform, "Nur Otan" Party's platform For prosperity of Kazakhstan and welfare of Kazakstanis: how can we improve the life of every citizen of our country", resource 174675, Astana, January 9, 2009
5. Transparency International, Global corruption report, June 25, 2008, <http://www.transparency.org>
6. OECD report on Globalization and Emerging economies, "Beyond the crisis: for a stronger, cleaner, fairer world economy", <http://www.oecd.org/document/5/0,3343>,

7. New York Times, City Room, "An hour to help save the Earth", April 17, 2009, <http://cityroom.blogs.nytimes.com>
8. BusinessPundit.com, "25 well-known companies that are leading the green revolution", July 20 2008, <http://www.businesspundit.com/>

УДК ӘӨЖ 330.322 (574)

ҚР ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТ ДАМУЫН ШЕТЕЛ ТӘЖІРИБЕСІ НЕГІЗІНДЕ ЖЕТІЛДІРУ

Раушанова Ж.Қ.

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты, Астана
Ғылыми жетекшісі - Мәдиярова Д.М.

Шетел капиталының ағымы және оны тиімді мемлекеттік реттеу экономикаға оң әсер етеді. Қаржы құралдарын мобилизациялау мемлекеттің экономикалық дамуы мен отандық тауар өндірушілердің әлемдік нарыққа шығуына, өндірістің түрлі саласына жаңа техиологиялар тартуға мүмкіндік тудырады. Алайда республика экономикасына шетел капиталының ассимиляциясы жолында кедергі келтіретін жағдайлар бар: экономикалық және шаруашылық жағдайдың тұрақсыздығы, құқықтық базаның және нарықтың жағдайдың жетілмегендігі.

Ішкі инвестициялардың өсуіне қарамастан, Қазақстан экономикасында шетел инвестициялары маңызды рөл алады, өйткені олардың негізгі бөлігі қолда бар қуаттарды қайта қалыпқа келтіруге емес, жаңаны құруға салынады. Бұл жағдайда шетел инвестициялары республика экономикасын ынталандыру бойынша қарастырылады, әсіресе кері тенденцияны кеңейту жағдайында негізгі бағыт ретінде. Шетел инвестициялары ішкі инвестициялардың өсуі мен дамуының катализаторы болады. Әсіресе, бұл тура инвестицияларға қатысты, себебі олармен бірге Қазақстанға тек ақша емес, әлемдік нарықтарда компания-инвесторлармен жинақталған тәжірибе кіреді. Сонында, шетел инвестицияларының өсуі Қазақстанның әлемдік нарыққа енуінің және жергілікті өндірушілерге "арзан" капиталға жолды оңайлату индикаторы. [1]

Қазақстан инвестициялық іс-әрекетті мемлекеттік ынталандыру мақсатында дамыған мемлекеттердің тәжірибелерін қарастыра отырып жүргізеді. Солардың ішінде АҚШ және Оңтүстік Шығыс Азия тәжірибесін қарастыруға болады.

Елдің өнеркәсіптік құрылымын модернизациялау аясындағы макроэкономикалық саясаттың негізгі мақсаты - қарқынды инвестициялық үрдіс үшін жағдай жасау. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін өзінің өнеркәсіптік құрылымын аз уақыт ішінде модернизациялаған елдер (Жапония, Оңтүстік Корея, Тайвань, кейбір Батыс Европа елдері) жалпы ұлттық өнім құрамындағы инвестицияның жоғары үлесімен ерекшеленді. Өнеркәсіп құрылымын модернизациялау мақсатында инвестицияны ынталандыру АҚШ-та 60 жылдардың басында да, 80 жылдарда да жүргізілді.

Оңтүстік Шығыс Азия елдері мемлекеттің инвестициялық үрдіс қарқынына әсер етудің келесі тетіктерін белсенді пайдаланды: мемлекеттік инвестициялар, тек инфрақұрылымға ғана емес, сонымен қатар басқа да салаларға; инвестициялардың салықтық ынталандырушылары; құрал-жабдықтың импортына кедендік баж жеңілдіктері арқылы бағаны түсіру; пайыздық мөлшерлемеге әсер ету және оларды нарықтық деңгейден төмен ұстау.

Фирмалардың инвестициялық бағдарламаларын қаржыландыруда маңызды рөлді банктік несие ойнайды. Мемлекет несие қуны мен оның ағымының бағытына белсенді әсер етп.

АҚП тәжірибесі қызықты, өйткені 80 жылдардың басында инфляция мен өндірістің құлдырауы белгілі бір деңгейде 90 жылдардың алғашқы жартысында Қазақстанда болған жағдайдың ұқсастығына байланысты.

Әр елдің корпорация қызметін қаржыландырудағы айырмашылықтарына қарамастан, басты рөлді ішкі көздер (бөлінбеген пайда мен амортизациялық аударымдар) және банктік несиелер ойнады. Сонымен бірге акционерлік капиталдың рөлі әлсіз болды (Тайваньді есептемегенде). Әлемдік Банк мамандарының айтуынша: "Тек экономиканың жетілуіне байланысты акция және облигация нарықтарын қуру мен тиімділігін арттыруға күш салынды. Бул нарықтардың маңызы өссе де, осы елдердің қарқынды даму кезеңінде инвестициялық ресурстарды мобилизациялаудың басты факторы болмады".

Дамушы елдердің инвестициялық бағдарламаларын қаржыландыруда мемлекеттік қаржылық институттар маңызды рөл ойнады. Мәселен, Оңтүстік Кореяның несиелік институттар аясында мемлекеттік институттар басым болды, себебі жеке банктік несиелік институттар 80 жылдардың бірінші жартысында пайда болды және 90 жылдардың басында рудименттік күйде болды.

Мемлекеттік несиелік қаржылық институттар Жапонияның өнеркәсіптік құрылымын модернизациялауда маңызды орын алды, әсіресе алғашқы сатысында. 1955 жылы мемлекеттік қаржылық институттар займы арқылы жапон фирмаларындағы жаңа өнеркәсіптік жабдық сатып алуға 32%-ы қаржыландырылды, 1965 ж. - 16%, 1980 ж. - 17,6% және 1990 ж. - 8,1%.

Жапония өнеркәсібінің дамуына үлкен әсер еткен үш мемлекеттік қаржылық институт болды. Олар - Даму Банкі, Экспорттық-импорттық Банк және шағын бизнесті қаржыландыру жөніндегі корпорация. 80 жылдардың басында жапон фирмаларына ұсынылған займдар үлесі: металл бұйымдарының өндірісінде - 15,7%, қара металлургияда - 12,4%, құрылыс материалдары өндірісінде - 12,9%, жалпы машина жасауда - 8,4%, түсті металлургияда - 7,7%, химия өнеркәсібінде - 6,3%, электротехникалық машина жасауда - 5,7%.

Мемлекеттік Даму Банкі берген займдар маңызды функция атқарды. Жоғары дәрежеде осы займ есебінде электроэнергетика, газ және сумен қамту қаржыландырылды (аталған сала компанияларының алған займдарының жартысынан көбі). Сонымен қоса мемлекет тұрғысынан басымды саналатын қызмет аясында жеке қаржылық ұйымдардың займдарының катализатор рөлін атқарды.

Даму банкінің займдары әдетте инвестициялық жоба құнының 30-50%-ын жауып отырды және 5 жылдан 15 жылға дейін, сонымен бірге жеке банк несиелерінен гөрі томен пайызға берілді.

Оңтүстік Шығыс Азия елдерінде инвестициялық үрдісті мемлекеттік ынталандырудың маңызды бағыты - пайыздық мөлшерлеме деңгейін реттеу.

Американдық экономист А.Амсеннің айтуынша, "Оңтүстік Корея 25 жылдық экономикалық дамуының көп бөлігінде ұзақ мерзімді несиелік таңдаулы фирмаларға белгілі салалардың дамуын ынталандыру мақсатында теріс нақты пайыздық мөлшерлеме бойынша үкіметпен бөлінді".

Әлемдік Банк мамандары аталған елдерде салықтық, тарифтік және валюталық саясат инвестор-фирмалардың инвестициялық тәуекелділігінің бір бөлігін азайтты және қалыпты масштабта пайыздық мөлшерлемені түсіріп қоймай, капитал импортын бақылады және инвестициялық тауарларға төменгі баға ұстағанын айтады.

Тайваньда мемлекет жергілікті фирмаларды шығынды азайтуға ынталандыру үшін импорт алмастыратын өнім бағасын реттеді. 1960 ж. жергілікті импорт алмастырушы өнімді орташа әлемдік бағадан 25% жоғары сатуға рұқсат етілді, 1964 ж. - тек 15%, 1968 ж. - тек 10%, 1973 ж. - 5%.

Мемлекеттің баға пропорциясына әсер ету масштабы туралы Малайзия мысалын келтіруге болады, 1987 ж. ішкі бағамен есептелген таза өнім қуны әлемдік баға құнынан артық болды: қара металлургияда - 284%, пластмасса өндірісінде - 163%, ағаш өңдеу

өнеркәсібінде - 82%, көлік-машина жасауда - 65%, целлюлозды-қағаз өнеркәсібінде - 29%, жалпы машина жасауда - 19%, электротехникалық машина жасауда - 12%.

АҚШ-та бағаны мемлекеттік реттеудің әртүрлі формаларына тоқталды. 1960жж. Дж. Кеннеди әкімшілігі металлургия фирмаларының өніміне бағаның өсуін тоқтату мақсатында қысым көрсетті. Р.Никсон әкімшілігі де 1970 жж. бірінші жартысында бағаны бақылауда кең қанат жайды (қысқа мерзімге). Ұзақ уақыт табиғи газға және бірнеше жылдар мұнай өнімдері бағасына мемлекеттік бақылау жүргізілді.

1970 жж. екінші жартысында Канада үкіметі 3 жыл бағаны бақылады (жалақыны қоса). Сонымен қатар инвестициялық үрдіс пен елдің экономикалық өсуін ынталандыру мақсатында мемлекеттік реттеу тудыратын бағалық диспропорцияны қолдану мүмкіндігі оның әлем шаруашылығына ену көлеміне байланысты азаюда.[2] Сонымен қатар, инвестициялық үрдістің ынталандырушысы ретінде салық жүйесін қарастыруға болады.

Өнеркәсіп дамуына әсер етуші мемлекеттік салық саясатының 2 маңызды бағытын белуге болады. Біріншіден, салық арқылы халықтың жинағына, фирмалардың амортизациялық қоры мен бөлінбеген пайдасына әсер ету арқылы, яғни фирмалардың инвестициялық бағдарламаларының әлеуетті қаржыландырушы көздерінің көлеміне, мемлекет ұлттық табыстың жинақ арасында бөлінуі сияқты негізгі макроэкономикалық пропорцияға әсер етеді. Екіншіден, мақсатты бағытталған салықтық жеңілдіктерді, елдің өнеркәсібіндегі негізгі капиталды қайта құрылу жылдамдығына әсер етеді, мемлекет турғысынан басымды саналатын салаларға өнеркәсіптік фирмалар инвестицияларын ынталандырады.

Инвестициялық бағдарламаларды қаржыландырудың қосымша көздерін қалыптастыруда амортизациялық заңнама өзгерістері мен компания пайдасына салынатын салықтың төмендеуі маңызды рөл ойнады. АҚШ-та 1980 жж. салық реформалары барысында негізгі қорлардың қызмет ету уақыты қысқартылды, әртүрлі негізгі қорлар азайды, нәтижесінде амортизация есептеуді жеңілдетті.

Ұлғайтылған мөлшерде инвестициялық салықтық жеңілдік АҚШ-та және басқа да дамыған нарықтарда энергетикалық дағдарыс кезінде мұнай мен газ орнына қолданылатын энергия тасушы энергетикалық жабдықты, энергия жинақтаушы жабдықты, қоршаған ортаның ластануын азайтатын жабдықтарға фирмалардың капитал салымын қолдау үшін қолданылды. Аталған жабдықты инвестициялаушы фирмаларға капиталсалымының 20% салықтан пайдаға алып тастауға рұқсат етілді. Инвестициялық салықтық жеңілдік аймақтық саясат тетігі ретінде қолданылды. Мысалы, Канада да фирмаларға жаңа жабдық пен өндірістік құрылыс шығынының 7%-ын пайдаға салынатын салықтан шегеріп тастауға құқық берді.[3]

Әдебиеттер

1. Инвестиционная активность как главный индикатор // Евразийское сообщество -2004- №1-б 1033-108;
 2. Оспанов М.Т., Мухамбетов Г.И. Иностраный капитал и инвестиции: вопросы, теории, практики привлечения и использования. - Алматы: 1997-293 б.;
- Караваев В. Шетел инвестицияларын мемлекеттік реттеу // Проблема теории и практики управления.-2002-№2

УДК 331.56:338.97(574)=20

"ӘЛЕМДІК ДАҒДАРЫС ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН"

Ақылбеков А.К.

Жер шарын аландатқан қаржылық дағдарыс неден басталды? Оның әлемдік нарыққа келтірген шығыны қандай? Қазақстандық және әлем экономикасы бұл қаржылық дағдарысты басынан қалай өткереді? Дағдарыс кілті неде? Жалпы әлемдік нарықтың қазіргі жағдайы халықаралық сарапшыларды шынымен аландатып отыр. Алан Гринстің мәлімдеуінше: «Бүгінгі дағдарыс әлемдік экономиканың - ғасыр бойындағы ең мықты дағдарысы» деп жариялады. Жаһандық экономикалық дағдарыс әлемдік валюта - АҚШ долларының шамадан тыс өндірілуінен ғана туындаған дағдарыс емес. Мамандардың айтуынша, бұл дағдарыс - неолибералдық модельге негізделген әлемдік экономиканың ауыр күйзеліске түскенін көрсетеді. Соңғы кездері ұлттық экономика өкілдері де Қазақстан экономикасының жаһанданудың неолибералды теориясы аясындағы жұмысының нәтижесіне аландаушылық таныта бастады. Бұл теорияның мәні - монетаризм теориясы. Ал еліміздің экономикалық моделі ұлттық валюта - теңге енгізілген күннен бастап, 1993 жылдың 15 қарашасынан бері осы теорияның аясында жұмыс істеп келеді екен. Сол уақыттан бері Қазақстан экономикасында долларландыру үрдісі басталған көрінеді. Қазір еліміздің долларландыру деңгейінің тым жоғары болып отырғаны осының айғағы болса керек. Бұл жерде енді мынадай сұрақ туындайды осы басталған дағдарысқа кім ақы төлейді, кім қалыптастырады, кім әлемдік экономиканы түбегейлі өзгертеді? Бұл мәселеге Джордж Сорос пен елбасымыздың пікірлерін айтуға болады. Екі жақты пікір де ортақ валюта құру, бірақ оны қандай және қай жағдайда құру? Елбасымыз Н.Ә Назарбаев әлемдік валютаны өзгерту қажет деп те атап көрсетті, яғни бүкіл әлемдік жана валюта құрастырудың жеті басты қадамын айтып өткен болатын:[2]

1. Жаңа әлемді ұлттықтан жоғары валютаны жария етіп , оның мемлекет аралық мәртебесін әлемнің көптеген парламенттерінің ратификациялаған әлемдік заң турғысында қарау, сондай - ақ бүкіл әлемдік эмиссия орталығын, оның эмиссиясы кагидаттарын эзірлеу керек.
 2. Әлемдік валюта туралы заң осы валютаның эмиссиясын демократиялық басқару органдары іске асыратын демократиялық рәсімдер арқылы жана әлемдік валютаны пайдаланушы субъектілердің куқыштарын қорғауға тиіс.
 3. Арнаулы қадағалау органы, мәселен, Бүкіләлемдік монполияға қарсы валюта комитетін бақылайтын, сондай-ақ әлемдік валютаның кез - келген эмитенттеріне немесе сатушыларына қандай да бір артықшылық беруді үзілді-кесілді жоққа шығаруы тиіс. Бүкіл әлемдік рынок еркіндігі комитеті жетекшілік жасайтын әлемдік валютаны бәсекелік рыногінің қағидаттарын эзірлеу туралы.
 4. Әлемдік валютаны өркениетті рышогы, барлық қатысушылардың - сатушылар мен сатып алушылардың ортақ шарты негізінде белгіленеді.
 5. Әлемдік валютаны пайдаланушы ұжымдық (елдер, компаниялар) және жеке (азаматтар) субъектілердің биліктің 3 тармағы - заң шығарушы , атқарушы және сот тармақтары арқылы Әлемдік валюталық заң аясында белгіленген эмиссиялар жүйесін бақылау мүмкіндігі болуы тиіс.
 6. Әлемдік валюта туралы заң негізінде қалыптастырылатын Бүкіл әлемдік валюта арбитражы жария және заңды эмитенттердің әлемдік қоғамдастық алдындағы әлемдік валютаның туындатылуы және эмиссиясы үшін эрекеті үшін жауапкершілік шегін белгілеуі тиіс.
 7. Жаңа әлемдік валюта жүйесінің тетігі ғасырдың болашақ сынақтары мен болашақты болжауға оза жүретін мониторингтің арнаулы жүйесі негізінде құрылуы тиіс.
- Енді валютаға өту жүйесін қарастыратын болсақ: дефектал - транзитал - акметал. Осы ретте біз әрбір сатылық фазаға тоқталып кететін болсақ, оның өзіндік орындары бар болып табылады. Бір сөзбен айтқанда сатылай ауысу десем қателік болмайды.

Дефектал. Біз бұл әлемді қазіргі өмір сүріп жатқан өмірімізді әдеттегідей капитализм әлемі деп атаймыз. Бірақ, бұл шын мәнісінде ақауы көп капиталдандыруды негізі «дефектал»